# Ұрпақ адал болсын десек...

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өз сөзінде «Биылғы Құрылтайдың сипаты-өзгеше, мазмұны да ауқымды. Ұлт тағдыры сынға түскен сәттерде бәрі ақылдасып, елдің болашағын айқындаған» дей отырып, барша қазақ ел азаматтарының алдына 8 бағыттағы бастамаларды шығарып, соларды іске асыруды ұсынды. Осы бастамалардың ішіндегі қазіргі алмағайып кезеңде шешуші рөл атқаратын «Өскелең ұрпақтың тәрбиесі өте маңызды» деген төрт бастамада жан-жақты тоқталып, ұрпақ тәрбиесіне бағытталған кезек күттірмейтін маңызды мәселелерді қолға алуды және қажетті іс-шараларды жүргізуді алға қойды. Жас ұрпақ адал болуы керек. Олардың адалдықты ту етіп, өсуіне ата-анадан бастап, мектеп мұғалімдері жауапты. Алайда, жаһандану мен ғаламтор дәуірінде жастарды дұрыс жолға бағыттау оңай шаруа емес.**

Қай-қайсымыз да бұл өзекті мәселеге бей-жай қарамауымыз керек. Әр ата-ана мұны қазірден бастап қолға алмаса, ертең кеш болуы әбден мүмкін.

Осы орайда аға буын өкілі ретінде замандастарыма, кейінгі толқын іні-қарындастарыма және кәмелетке толған жасөспірімдерге айтатыным сана-сезіміміз бен пайым-парасатымызды дұрыс бағытта ұстап, өзгерісті өзімізден және бүгін бастауымыз керек. Бұл - заман талабы, ұлттық кодымыздың іргесін бекітудің алғышарттары десек, артық айтқандық емес. Әсіресе, еліміздің материалдық құндылықтарын өндіруге аянбай үлес қосып жатқан 35-60 жас аралығындағы ел азаматтарының атқаратын жасампаздық істері ерекше орын алады.

Бұл азаматтар соңына ерген балалары мен немерелеріне тәлім-тәрбие беріп, оларды адал азамат етіп тәрбиелеу керек. Олардың еңбегінің өзегі жастарға үлгі, тәрбие беруге, адал азамат ретінде жеткізуге бағытталуы тиіс.

Қазаққа қазақтан басқа ешкімнің жаны ашымайды. Қазақтың ертеңі қазақ қа ғана керек. Мұны түсінген абзал. Сондықтан, ойланайық, етекжеңімізді жинап, ел-жердің ертеңіне қазірден алаңдайық.

Осы тұста Президентіміздің еңбек адамына жіті көңіл бөліп отырғанын атап айту қажет. Халықтың әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық жағдайы еңбек адамдарының атқарған ісімен жақсаратыны белгілі ғой. Сол себепті, олардың еңбегін дер кезінде мемлекет тарапынан бағалап, құрмет көрсетілсе, еліміздің алға жылжуы қарқынды болары сөзсіз.

Осы тұста әр азамат адал еңбек етіп, істеген ісіне асқан жауапкершілікпен қарауы ләзім. Айта кету керек, биылғы көктем мен жаз айлары біздің өңірде қолайлы болып тұрған жоқ.

Жауын-шашын өте мардымсыз, аңызақ жел, қуаңшылық бел алып тұр. Сол себепті, шамалы шабындық пен жайылымдықты оттан қорғау аудан тұрғындары мен билік орындарының басты назарында болып, алдын ала өртке қарсы тұратын жігіттеріміз бен құрал-жабдықтар дайын тұру керек-ақ. «Сақтықта қорлық жоқ» демекші, егер жайылымдық жер өртеніп кетсе, қысқа түсетін аяқты малдың, әсіресе, жылқының жағдайы қиын болатынын білесіздер.

Мемлекет басшысы біздерге, азаматтарымызға арнайы: «Біз болашағы қандай мемлекет құрып жатырмыз? Ұлтымыз нені армандайды? Қазақстан азаматы қандай болуы керек? Еліміздің басты тірегі не? Миссиясы қандай?» деген маңызды сауалдарды ортаға салды. Көзі қырағы, көңілі ояу әр адам бұл мәселелерге бей-жәй қарамас болар, сірә. Ендеше, Құрылтайды қолдап, бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, жұмыла іске кірісейік, ағайын!



**Боранбай ЖҰМКЕҰЛЫ,**
**Шет ауданының**
**Құрметті азаматы**